



ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

www.ombudsmanbiz.kz
2017 жыл

ИНСТИТУТ

ИНСТИТУТ

■ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Бизнес-омбудсмен қызметінің құқықтық негізі «ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» ҚР Заңында және ҚР Кәсіпкерлік кодексінде бекітілген.

1. Мемлекеттік органдарда кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне өкілдік ету, оларды қамтамасыз ету және қорғау мақсатында, сол сияқты кәсіпкерлік қоғамдастықтың мүдделерін қорғау үшін бизнес-омбудсменді ҚР Президенті тағайындайды. Бизнес-омбудсмен ҚР Президентіне есеп береді.
2. Бизнес-омбудсменнің қызметіне қандай да бір заңсыз араласуға жол берілмейді.
3. Бизнес-омбудсмен өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партиялардағы және өзге де қоғамдық бірлестіктердегі өзінің мүшелігін тоқтата тұрады.
4. Бизнес-омбудсмен саяси қызметпен айналысуға құқылы емес.
5. Бизнес-омбудсмен оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, басқа ұйымдарда ақы төленетін лауазымдарды атқара алмайды.

№1-қосымша (Бизнес-омбудсменнің функциялары мен жұмысының мақсаты)

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ:

- 1) ЗАҢДЫЛЫҚ
- 2) КӘСІПКЕРЛІК
СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ
МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН
ҚОРҒАУ БАСЫМДЫҒЫ
- 3) ОБЪЕКТИВТІЛІК
- 4) ЖАРИЯЛЫЛЫҚ

■ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН АППАРАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бизнес-омбудсменнің қызметін Ұлттық палата қамтамасыз етеді

(ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 313-бабы)

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесіне
300-ден астам жоғары білікті сарапшы мен
мамандар кіреді




Үш жылдың ішінде бизнес құқығын қорғау бойынша

17 112 өтініш келіп түсті

42% - кәсіпкерлердің пайдасына қарай шешілген өтініштердің үлесі

51,7 млрд теңге - мүлік құқықтарының қорғалған сомасы



- Бизнесі қорғау бойынша өтініштер
- Оның ішінде оң шешілген өтініштердің үлесі

2016 жылы ең көп шағым мынадай салаларға қатысты болды:



14%
салық



13%
сатып алу



12%
жер



10%
Кәсіпкерлердің арасындағы даулар



6%
сәулет, құрылыс

Бизнес субъектілерінің шағымдары мен өтініштерін, оның ішінде қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өтініштерді қабылдайтын онлайн-сервистер құрылды.

№3 - қосымша (Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестер)
№4 - қосымша (Табыс тарихы)

■ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ ӨҢІРЛЕРДЕГІ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУІ

2016 жылдың наурызынан шілде айына дейін Бизнес-омбудсмен барлық 16 өңірдің кәсіпкерлерімен, әкімдерімен және прокурорларымен кездесті. Бизнес-омбудсменмен есепті кездесулерге **1760** адам қатысты, **262** кәсіпкер жеке қабылдауында болды.

Бірде-бір өтініш қараусыз не жауапсыз қалдырылмайды. Әрбір шағым бойынша аппарат заңгерлері жұмыс жүргізеді. Егер өтініш Бизнес-омбудсменнің қарауына жатпаса (мәселен, кәсіпкерлік субъектілері арасындағы дау), бұл өтінішті Ұлттық палата қарайды.





2016 жылғы 10 маусым

Қазақстан және Ресей бизнес-омбудсмендері арасындағы Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелерінде өзара көмек көрсету қағидалары бекітілді. Қазақстан мен Ресей кәсіпкерлерінің ондаған шағымдары қаралып, шешілді.



2016 жылғы 29-30 қыркүйек

Атырауда «Атырау инвест – 2016» III халықаралық форум өтті. Ресей бизнес-омбудсмендерінің қатысуымен екі елдің шекаралас ынтымақтастығының түйткілді проблемалары талқыланды.

Бизнес-омбудсмен Германия, Италия, Аргентина, Корея Республикасы, Түркия, Беларусь, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзірбайжан сияқты басқа да елдермен өзара қарым-қатынастарда қазақстандық кәсіпкерлердің құқықтарын қорғайды.

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ БАСТАМАЛАРЫ



2016 жылғы 14 маусымда Бас прокуратурамен бірге «Кәсіпкерлік саласындағы прокуратура қадағалауы» атты форум өткізілді, іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері және 540 кәсіпкер қатысты. Форум қабылдаған жол картасында 124 іс-шара бекітілді.

Бас Прокуратураның Жол картасының 5 негізгі бағыты: мемлекеттік органдар тарапынан бизнеске көрсетілетін ықпалды азайту; қылмыстық процесте кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау; азаматтық және әкімшілік процестерде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау; бизнес жүргізудегі әкімшілік кедергілерді жою; бизнесті жаппай дамыту.

2016 жылдың 5 желтоқсанында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде бірінші республикалық кәсіпкерлер форумы өтті. Бұл ауқымды шараға еліміздің 500-ден астам кәсіпкері қатысты:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін құқық бұзушылықтардың себептерін азайтуға және жоюға бағытталған жобалар;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан кәсіпкерлерінің хартиясын іске асырудағы ынтымақтастық мәселелері.



■ № 1-ҚОСЫМША (БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ЖҰМЫС МАҚСАТЫ)

Бизнес-омбудсмен кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне өкілдік етуді, оларды қамтамасыз етуді және қорғауды, сол сияқты кәсіпкерлік қоғамдастықтың мүдделерін қорғауды іске асырады. Осы мақсатта ол мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1. Қазақстанның мемлекеттік органдарында және өзге ұйымдарда, халықаралық ұйымдарда және шет елдерде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау;
2. кәсіпкерлердің өтініштерін қарау;
3. мемлекеттік органдарға заң аясындағы нормативтік-құқықтық актілерді тоқтата тұру жөнінде ұсынымдар енгізу;
4. әрекеттері кәсіпкерлердің құқықтарын бұзған мемлекеттік органдарға бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар жолдау;
5. мемлекеттік органдардың пікірімен келіспеген жағдайда, кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын одан әрі қалпына келтіру мақсатында прокуратура органдарына өтінішхат жолдау;
6. кәсіпкерлер құқықтарының жүйелі түрде бұзылу фактілері туындаған және оларды мемлекеттік органдардың деңгейінде шешу мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына өтініштер енгізу;
7. мемлекеттік органдардан кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттерін қозғайтын ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұрату;
8. сотқа арыз беру;
9. кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған басқа да заңды шаралар.

Бизнес-омбудсмен өз құзыреті шегінде:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін қарайды, бірақ келесі өтініштер қарауға жатпайды:

— өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар алдын ала қарамаған өтініштер;

— басқа жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініш берушінің құқығын бұзу фактілеріне қатысты өтініштер;

2) өтініш берушілерге олардың өтініштерінің уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жіберілгені туралы ақпарат береді;

3) өтініш берушілерге олардың өтініштерін қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы ақпарат береді.

Бизнес-омбудсмен күнтізбелік он күн ішінде өтініш берушілердің өтініштерін жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды, сәйкес келмеген жағдайда қарамайды, бұл туралы өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

Бизнес-омбудсменнің атына келіп түскен өтініш берушілердің өтініштері күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады. Бизнес-омбудсменнің атына келіп түскен өтініштерді қарау мерзімі қажет болған кезде өтініш берушіге атқарылатын жұмыс туралы міндетті түрде ақпарат беріле отырып ұзартылады.

Қарау қорытындысы бойынша өтініш берушіге Бизнес-омбудсменнің құзыреті шеңберінде жауап беріледі. Өтініштерді қарау мерзімдерін ұзарту, уәкілетті мемлекеттік органдарға және ұйымдарға жіберу, өтініш берушілерге өтініштердің қаралу барысы туралы ақпарат беру тәртібін Бизнес-омбудсмен белгілейді.

Осылайша, Уәкілдің атына келіп түскен кез келген өтініш міндетті түрде қаралады. Егер Бизнес-омбудсменге келіп түскен өтінішті мемлекеттік органдар алдын ала қарамаған болса, оны Уәкіл аппаратының басшылығы жалпы тәртіппен қарайды.

1. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңес.

Кеңестің мақсаты Ұлттық палатаның кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне өкілдік ету, оларды қамтамасыз ету және қорғау, сондай-ақ елдегі бизнесті дамытудың өзекті мәселелерін көпшілікке жария ету міндеттерін жедел және жүйелі шешу болып табылады.

2017 жылдың 1 қаңтарында Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестердің 333 отырысы өткізілді, оның ішінде 2016 жылы – 108 отырыс.

Бұл – өте пәрменді құрал және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың ажырамас бөлігі. Республика бойынша 17 кеңес жұмыс істейді (бір кеңес астанада және әрбір өңірде бір-бір кеңестен бар). Кеңес ең өзекті мәселелерді талқылау және қазақстандық бизнестің проблемаларын жедел шешу үшін ашық алаң болып табылады. Кеңестің жұмысына тәжірибелі заңгерлер, қоғамдық қайраткерлер, депутаттар және БАҚ өкілдері қатысады.

Кеңестер қандай болмасын проблемаларға жауапты мемлекеттік қызметшілердің, уәкілетті мемлекеттік органдарға тікелей жолыққан кәсіпкерлердің аты-жөнін атайды, мәселені жұртшылыққа дейін жеткізеді, қоғамдық резонанс тудырады.

Негізінен, Кеңестің отырысында талқыланатын мәселелер оң шешіледі немесе олардың оң динамикасын байқауға болады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес.

Кеңестің мақсаты елдегі сыбайлас жемқорлыққа және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша міндеттерді жедел және жүйелі шешу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша проблемалық мәселелерді көпшілікке жария ету болып табылады.

Жалпы алғанда, бұл Кеңестің 10 отырысы өткізілді, оның ішінде 2016 жылы – 5 отырыс.

■ № 4-ҚОСЫМША (ТАБЫСҚА ЖЕТУ)

1. 2016 жылдың 13 маусымында жалған кәсіпкерлердің 350-ден астам контрагенттерінің мәселесі туралы іс (Е.С. Минаковтың ісі) бойынша Бас Прокурор кассациялық наразылық білдірді. Бүгінгі күні Жоғарғы Сот Бас Прокурордың кассациялық наразылығын қолдады. Жалпы алғанда, кәсіпкерлердің мүлік құқықтарының қорғалған сомасы 14,4 млрд. теңгеден астам.

2. 2016 жылдың 3 тамызында АК MACHINERY MAKINE TICARET VE SANAYI LIMITED SIRKETI түрік компаниясының «Казполиметалл» ТКК» ЖШС-і қазақстандық компаниясына талап қоюы бойынша Бас Прокурор сот актілеріне наразылық білдірді. Жоғарғы Сот Бас Прокурордың кассациялық наразылығын қанағаттандырды, нәтижесінде кәсіпкерлік субъектінің мүлік құқығы 460 мың АҚШ доллары сомасында қорғалды.

3. Бизнес-омбудсменнің және РФ Алтай өңіріндегі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің бірлескен іс-әрекеттерінің нәтижесінде жеке кәсіпкер Б.А. Жиенбаевтың құқығы 200 мың рубльден астам сомада қорғалды. РФ аумағында қызметін адал атқармайтын контрагентке қатысты бизнес-омбудсменнің қылмыстық қуғындау туралы бастамасына орай, бүкіл қарыз сомасын оның серіктестестері өтеді.

4. Өндіріп алу сомасы 10 мың теңгеден кем соманы құрайтындығына қарамастан, жеке сот орындаушысы “Гибкий камень” ЖШС-нің бүкіл жылжымалы және жылжымайтын мүлігіне тыйым салды. Бизнес-омбудсмен аппараты Әділет министрлігіне тексеру жүргізу туралы өтінішхат жолдады. Нәтижесінде сот орындаушысы Ж.Д.Талиповаға қатысты тәртіптік жаза қолданылды. Республикалық жеке сот орындаушыларының палатасына тиісті түсініктеме жіберілді.

Тағы басқалар.

